

Бекітемін



№ 17 «Шұғыла» 6/6 МКҚК-ның

менгерушісі: Д.Н. Жетилгенова

2025-2026 оқу жылына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс –әрекетінің

циклограммасы

ересек топтары 4 жастан бастап)

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

НАУРЫЗ ІАПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Қуыршақ Айарудың камзолы	
Күні:		НАУРЫЗ	
ТОП: ересек			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға ұлттық киім түрлерін (камзол, сәукеле, бөрік, кимешек, шапан, ішік, тымақ, тақия) және күнделікті киім атауларын (көйлек, жейде, белдемше, шалбар) қазақ тілінде таныстыру, сөйлеу дағдыларын дамыту.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: ұлттық және күнделікті киім атауларын. Түсінеді: киімнің түрлері мен олардың қолданылуын. Айта алады: «Бұл – камзол», «Мен тақия киемін», «Бұл әдемі көйлек» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: камзол, сәукеле, бөрік, кимешек, шапан, ішік, тымақ, тақия, көйлек, жейде, белдемше, шалбар Сұрақтар: – Бұл не? – Сен не киесің? – Көйлек қандай? – Қандай киім ұнайды? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – камзол.		

	– Мен тақия киемін. – Көйлек әдемі. – Шапан жылы болады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: бір-біріне жылы сөздер айтады. Қуыршақ Айару туралы қысқаша әңгіме: – «Бүгін біз Айаруға киім таңдауға көмектесеміз». Ойын №1: «Киімді ата» Шарты: Мұғалім киім суретін көрсетеді, балалар атайды. Барысы: Камзол → «камзол» Сәукеле → «сәукеле» Көйлек → «көйлек» Шапан → «шапан» Дыбыстық жаттығу: – к-к-к (камзол) – ш-ш-ш (шапан) – қ-қ-қ (көйлек) Жұмбақ: «Басқа киемін, әдемі көрінемін» (сәукеле / тақия)	Музыка, смайлик

III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Қандай көйлек?» (дидактикалық ойын) Шарты: Балалар киім түрін сипаттап, атын айтады. Барысы: • Мұғалім сурет көрсетеді • Балалар сипаттайды: түсі, түрі, кім киеді • Сөйлем құрайды: – «Бұл – қызыл көйлек» – «Бұл – жылы шапан» – «Мен белдемше киемін» Қосымша тапсырма: «Айаруға киім таңда» ойыны • Балалар қуыршаққа ұлттық киім кигізеді • Әр киімді атап айтады	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Бүгін не үйрендік? – Қандай киімдерді білдік? Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау.	Суреттер, ойын құралдары

	Барысы: • «мен – тақия – киемін» → «Мен тақия киемін» • «шапан – жылы» → «Шапан жылы» • «көйлек – әдемі» → «Көйлек әдемі» Нәтиже: • Ұлттық киім атаулары бекітіледі • Сөйлеу дағдысы дамиды • Сөздік қоры кеңейеді	
--	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ ІАПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Қасқыр мен жеті лақ	
Күні:		НАУРЫЗ	
ТОП: ересек			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін түсіндіру, кейіпкерлерді қазақ тілінде атауға үйрету, суреттер арқылы ертегі құрастыру дағдыларын дамыту.		

Күтілетін нәтиже:	Біледі: ертегі кейіпкерлерін (қасқыр, лақ, анасы). Түсінеді: ертегі мазмұны мен оқиғалар ретін. Айта алады: «Бұл – қасқыр», «Бұл – лақ», «Анасы балаларын жақсы көреді» деп айтады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: қасқыр, лақ, анасы, балалар, үй, есік Сұрақтар: – Бұл кім? – Қасқыр не істейді? – Анасы не дейді? – Лақтар қайда тығылады? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – қасқыр. – Бұл – лақ. – Анасы балаларын жақсы көреді. – Лақтар үйде отырады.	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: бір-біріне жылы сөздер айтады. Ертегі туралы қысқаша әңгіме: – «Бүгін біз ертегі әлеміне саяхат жасаймыз». Ойын №1: «Кім екенін тап» Шарты: Мұғалім сипаттайды, балалар кейіпкерді табады. Барысы:	Музыка, смайлик

	• «Ол орманда жүреді, жыртқыш» → қасқыр • «Ол кішкентай, мүйізді» → лақ • «Балаларын қорғайды» → анасы Дыбыстық жаттығу: — қ-қ-қ (қасқыр) — л-л-л (лақ) — а-а-а (ана) Жұмбақ: «Орманда жүреді, қойға тиеді» (қасқыр)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Суреттерден ертегі құрастыру» Шарты: Балалар суреттерді ретімен қойып, ертегіні айтып береді. Барысы: • Мұғалім суреттерді таратады: қасқыр, лақ, анасы • Балалар оқиғаны ретімен құрастырады • Әр бала бір сөйлем айтады Үлгі сөйлемдер: • «Анасы орманға кетті» • «Лақтар үйде қалды» • «Қасқыр келді» • «Лақтар тығылды»	Суреттер, карточкалар

	Қосымша тапсырма: – Ертегі кейіпкерлерін атау және қайталау – Рөлдік ойын: қасқыр, лақ, анасы болып ойнау Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем жасау. Барысы: • «лақ – кішкентай» → «Лақ кішкентай» • «қасқыр – жаман» → «Қасқыр жаман» • «ана – жақсы» → «Ана жақсы»	
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Қай ертегімен таныстық? – Кейіпкерлерді ата Нәтиже: • Ертегі мазмұнын түсінеді • Кейіпкерлерді дұрыс атайды • Сөйлеу дағдысы дамиды	Суреттер, ойын құралдары

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ ПАПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Әдемі қазақ үйі	
Күні:		НАУРЫЗ	
ТОП: ересек			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға киіз үйдің бөліктерін (кереге, шаңырақ, уық, есік, түндік) таныстыру, қазақша атауларын дұрыс айтуға және киіз үйді құрастыруға үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: киіз үйдің негізгі бөліктерін. Түсінеді: киіз үйдің құрылымы мен маңызын. Айта алады: «Бұл – шаңырақ», «Бұл – кереге», «Киіз үй әдемі» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: кереге, шаңырақ, уық, есік, түндік, киіз үй Сұрақтар: – Бұл не? – Киіз үй неден тұрады? – Шаңырақ қайда орналасады? – Киіз үй қандай? Сөйлеу үлгілері: – Бұл – шаңырақ. – Кереге үлкен. – Киіз үй әдемі. – Біз киіз үйді құрастырдық.		

ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: бір-біріне жылы сөздер айтады. Киіз үй туралы қысқаша әңгіме: – «Бүгін біз қазақтың әдемі киіз үйін құрастырамыз». Ойын №1: «Кім тез атайды?» Шарты: Мұғалім суретті көрсетеді, балалар тез атайды. Барысы: • шаңырақ → «шаңырақ» • кереге → «кереге» • уық → «уық» • есік → «есік» • түндік → «түндік» Дыбыстық жаттығу: – ш-ш-ш (шаңырақ) – к-к-к (кереге) – у-у-у (уық) Жұмбақ: «Төбесі бар, қабырғасы жоқ, қазақтың үйі» (киіз үй)	Музыка, смайлик

III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Киіз үйді құрастыр» (қимылдық ойын) Шарты: Балалар киіз үй бөліктерін ретімен құрастырады. Барысы: • Балаларға киіз үй бөліктері беріледі • Әр бала бір бөлікті алып, орнына қояды • Қойған кезде атын айтады Мысал: • «Бұл – кереге» • «Бұл – уық» \ «Бұл – шаңырақ» Қосымша тапсырма: – Киіз үйді толық құрастырып, сипаттау •	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	– Бүгін не құрастырдық? – Киіз үйдің бөліктерін ата Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау.	Суреттер, ойын құралдары

	Барысы: • «киіз үй – әдемі» → «Киіз үй әдемі» • «шаңырақ – жоғары» → «Шаңырақ жоғары» • «кереге – үлкен» → «Кереге үлкен»	
--	---	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ ПАПТА

<i>ҰІӨ тақырыбы:</i>	Менің достарым	
<i>Күні:</i>	НАУРЫЗ	
<i>ТОП: ересек</i>		<i>Қатысқан балалар саны:</i>
<i>ҰІӨ -нің мақсаты:</i>	Балаларды «дос» ұғымымен таныстыру, дос туралы қарапайым сөйлемдер құрауға үйрету, қазақ тілінде өз досын сипаттауға дағдыландыру.	
<i>Күтілетін нәтиже:</i>	Біледі: дос, адал, жақсы, ақылды сөздерін. Түсінеді: достықтың маңызын. Айта алады: «Менің досым – ...», «Ол ақылды», «Ол жақсы дос» деп айтады.	
<i>Тілдік мақсат:</i>	Сөздер: дос, адал, жақсы, ақылды, мейірімді	

	Сұрақтар: – Сенің досың кім? – Ол қандай? – Досыңмен не істейсің? Сөйлеу үлгілері: – Менің досым бар. – Менің досым ақылды. – Ол жақсы дос. – Мен досыммен ойнаймын. –	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут Жұмбақ</i>	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Достық туралы қысқаша әңгіме: – «Бүгін біз достарымыз туралы сөйлесеміз». Ойын №1: «Досыңды ата» Шарты: Балалар өз досының атын айтады. Барысы: • «Менің досым – Айжан» • «Менің досым – Аружан» • «Менің досым – Ернар» Дыбыстық жаттығу:	Музыка, смайлик

	– д-д-д (дос) – а-а-а (ақылды) – ж-ж-ж (жақсы) Жұмбақ: «Қиналғанда көмектеседі, бірге ойнайды» (дос)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс <i>12- минут</i>	Ойын №2: «Суреттерден әңгіме құрастыру» Шарты: Балалар суреттерге қарап шағын әңгіме құрастырады. Барысы: • Мұғалім дос туралы суреттер береді • Балалар сипаттайды • Әр бала 1–2 сөйлем айтады Үлгі сөйлемдер: • «Мынау менің досым» • «Ол ақылды бала» • «Ол жақсы және адал дос» • «Біз бірге ойнаймыз» Қосымша тапсырма: – «Менің досым» тақырыбында шағын диалог құ	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия	– Сенің досың кім? – Дос қандай болуы керек?	Суреттер, ойын құралдары

3-минут	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: «дос – жақсы» → «Дос жақсы» «менің досым – ақылды» → «Менің досым ақылды» «біз – ойнаймыз» → «Біз ойнаймыз» Нәтиже: - Дос туралы түсінік қалыптасады - Сөйлеу дағдысы дамиды - Сөйлем құрау қабілеті артады	
---------	---	--

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ ШАПТА

<i>ҰІӘ тақырыбы:</i>	Аялайық ананы
<i>Күні:</i>	НАУРЫЗ

ТОП: ересек		Қатысқан балалар саны:	
ҰІӘ -нің мақсаты:	Балаларға ананы құрметтеу, жақсы көру туралы түсінік беру. Аналар мейрамы туралы әңгімелеуге, анаға деген сезімін қазақ тілінде жеткізуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: «ана», «аналар мейрамы», «құттықтаймын» сөздерін. Түсінеді: ананы құрметтеу және жақсы көру керектігін. Айта алады: «Мен анамды жақсы көремін», «Мен анамды құттықтаймын» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: ана, аналар мейрамы, құттықтаймын, жақсы көремін, гүл Сұрақтар: – Сен анаңды жақсы көресің бе? – Анаңа не сыйлайсың? – Аналар мейрамы қашан? Сөйлеу үлгілері: – Мен анамды жақсы көремін. – Мен анамды құттықтаймын. – Мен анама гүл сыйлаймын. – Ана – ең қымбат адам.		
ҰІӘ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I.Кіріспе бөлім			Музыка, смайлик

<i>Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату, амандасу</i> 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Ана туралы қысқаша әңгіме: – «Ана – ең мейірімді адам». Ойын №1: «Жылы сөз айт» Шарты: Балалар ана туралы жылы сөз айтады. Барысы: • «Анам мейірімді» • «Анам жақсы» • «Анам әдемі» Дыбыстық жаттығу: – а-а-а (ана) – м-м-м (мейірім) – қ-қ-қ (құттықтаймын) Жұмбақ: «Ең қымбат адам, бізді өсірген» (ана)	
III. Негізгі бөлім <i>Тақырып бойынша жұмыс</i> 12- минут	Ойын №2: «Суреттерден әңгіме құрастыру» Шарты: Балалар аналар туралы суреттерге қарап әңгіме құрайды. Барысы: • Мұғалім суреттер таратады (гүл сыйлау, құттықтау)	Суреттер, карточкалар

	• Балалар сөйлем құрайды • Әр бала 1–2 сөйлем айтады Үлгі сөйлемдер: • «Мен анамды жақсы көремін» • «Мен анама гүл сыйлаймын» • «Мен анамды құттықтаймын» • «Аналар мейрамы – әдемі мереке» Қосымша тапсырма: – Анаға арнап құттықтау айту	
<i>IV. ҰІӘ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут</i>	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: • «ана – жақсы» → «Ана жақсы» • «мен – құттықтаймын – анамды» → «Мен анамды құттықтаймын» • «мен – жақсы көремін – анамды» → «Мен анамды жақсы көремін» – Сен анаңа не айтасың? – Аңанды қалай жақсы көресің? • Ана туралы түсінік қалыптасады • Сөйлеу дағдысы дамиды • Мейірімділік сезімі артады	Суреттер, ойын құралдары

--	--	--

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Курамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ ШАПТА

<i>ҰІӨ тақырыбы:</i>	Наурыз мейрамы	
<i>Күні:</i>	НАУРЫЗ	
<i>ТОП: ересек</i>		<i>Қатысқан балалар саны:</i>
<i>ҰІӨ -нің мақсаты:</i>	Балаларға Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін таныстыру, көктемгі жаңару мерекесі екенін түсіндіру.	
<i>Күтілетін нәтиже:</i>	Біледі: Наурыз мейрамы, көктемгі мерекелер ұғымын. Түсінеді: Наурыз – жаңару, бірлік, береке мерекесі екенін. Айта алады: «Наурыз мейрамы», «Жаңару күні», «Көктем келді» деп айтады.	
<i>Тілдік мақсат:</i>	Сөздер: Наурыз мейрамы, наурыз мерекесі, көктемгі мерекелер, жаңару күні, көктем Сұрақтар: – Наурыз қашан тойланады? – Бұл қандай мереке?	

	– Көктемде не болады? Сөйлеу үлгілері: – Наурыз мейрамы – көктем мерекесі. – Бұл – жаңару күні. – Көктем келді, табиғат оянады. – Адамдар мерекені тойлайды	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу <i>0-2 минут</i> II.Ұйымдастыру <i>3-5 минут Жұмбақ</i>	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: жылы сөздер айту. Наурыз туралы қысқаша әңгіме: – «Наурыз – көктемнің ең үлкен мерекесі». Ойын №1: «Көктемді ата» Шарты: Мұғалім сұрақ қояды, балалар жауап береді. Барысы: • Көктемде не болады? • Қар еріп, күн жылынады • Гүлдер өседі Дыбыстық жаттығу: – н-н-н (наурыз) – к-к-к (көктем)	Музыка, смайлик

	– ж-ж-ж (жаңару) Жұмбақ: «Жер көгереді, гүлдер өседі, қай мезгіл?» (көктем)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс <i>12- минут</i>	Ойын №2: «Суреттерден әңгіме құрастыру» Шарты: Балалар Наурыз мерекесі суреттеріне қарап әңгіме құрайды. Барысы: • Мұғалім мереке суреттерін көрсетеді (киіз үй, дастархан, наурыз көже) • Балалар сөйлем құрайды • Әр бала 1–2 сөйлем айтады Үлгі сөйлемдер: • «Наурыз мейрамы келді» • «Бұл – көктем мерекесі» • «Адамдар қуанады» • «Дастархан жайылды» Қосымша тапсырма: – «Наурыз қандай мереке?» сұрағына жауап беру	Суреттер, карточкалар

IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: • «наурыз – мереке» → «Наурыз – мереке» • «көктем – келді» → «Көктем келді» • «адамдар – қуанады» → «Адамдар қуанады» – Бүгін қандай мереке туралы білдік? – Наурызда не болады? Нәтиже: • Наурыз туралы түсінік қалыптасады • Сөйлеу дағдысы дамиды • Ұлттық мерекеге қызығушылық артады	Суреттер, ойын құралдары
--	---	---------------------------------

Қазақ тілі ҰІӨ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ IV АПТА

ҰІӨ тақырыбы:		Наурыз көже	
Күні:		НАУРЫЗ	
ТОП: ересек			Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ -нің мақсаты:	Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру, оның құрамын (ет, сүт, бидай, су) қазақ тілінде атауға үйрету және қарапайым сөйлем құрастыруға дағдыландыру.		
Күтілетін нәтиже:	Біледі: Наурыз көженің негізгі құрамын. Түсінеді: Наурыз көже – ұлттық тағам екенін. Айта алады: «Мен көже ішемін», «Бұл – ет», «Бұл – сүт» деп айтады.		
Тілдік мақсат:	Сөздер: ет, сүт, көже, бидай, су, Наурыз көже Сұрақтар: – Бұл не? – Көжеде не бар? – Сен көже ішесің бе? Сөйлеу үлгілері: – Мен көже ішемін. – Көже дәмді. – Бұл – ет. – Бұл – сүт. – Наурыз көже дайын.		

	—	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату,амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: жылы сөздер айтады. Наурыз және ұлттық тағам туралы қысқаша әңгіме. – «Бүгін біз Наурыз көже туралы үйренеміз» Ойын №1: «Дәмін тап» Мұғалім тағам атауын айтады, балалар оны қайталайды. Барысы: • ет – «ет» • сүт – «сүт» • су – «су» • бидай – «бидай» Дыбыстық жаттығу: – к-к-к (көже) – с-с-с (сүт) – е-е-е (ет) Жұмбақ: «Ішеміз, жылы, дәмді, ұлттық ас» (көже)	Музыка, смайлик

III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Суреттерден әңгіме құрастыру» Шарты: Балалар Наурыз көже суреттеріне қарап әңгіме құрайды. Барысы: • Мұғалім өнім суреттерін көрсетеді (ет, сүт, су, бидай) • Балалар оларды атап шығады • Сөйлем құрайды Үлгі сөйлемдер: • «Бұл – ет» • «Бұл – сүт» • «Мен көже ішемін» «Наурыз көже дәмді» Қосымша тапсырма: – «Көжеде не бар?» сұрағына жауап беру – Сурет бойынша 2–3 сөйлем құрау	Суреттер, карточкалар
IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: • «мен – көже – ішемін» → «Мен көже ішемін» • «көже – дәмді» → «Көже дәмді»	Суреттер, ойын құралдары

	«ет – бар» → «Ет бар» Рефлексия: – Бүгін не үйрендік? – Наурыз көжеде не болады? Нәтиже: - Ұлттық тағам туралы білім қалыптасады - Сөздік қоры дамиды - Қарапайым сөйлем құрауға үйренеді	
--	--	--

Қазақ тілі ҰІӘ циклограммасы

Қазақ тілі мұғалімі: Құрамысова Ж.А

Әдіскер: _____

НАУРЫЗ IV АПТА

ҰІӘ тақырыбы:	Мен табиғатты бақылай аламын
Күні:	НАУРЫЗ

ТОП: ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӘ -нің мақсаты:	Балаларға табиғат құбылыстарын (жаңбыр, жел, суық, салқын, бұршақ) қазақ тілінде атауға үйрету, табиғатты бақылау арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Біледі: табиғат құбылыстарының атауларын. Түсінеді: ауа райының әртүрлі болатынын. Айта алады: «Жаңбыр жауады», «Жел соғады», «Суық күн» деп айтады.	
Тілдік мақсат:	Сөздер: жаңбыр, жел, суық, салқын, тамаша, бұршақ, ауа райы Сұрақтар: – Бүгін ауа райы қандай? – Жаңбыр жауа ма? – Жел қалай соғады? – Қай кезде суық болады? Сөйлеу үлгілері: – Жаңбыр жауады. – Жел соғады. – Бүгін суық. – Ауа райы тамаша. –	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Кіріспе бөлім Дұрыс әсерлі көңіл күй	Мұғалім балалармен амандасады. «Шаттық шеңбері»: жылы сөздер айту.	Музыка, смайлик

орнату, амандасу 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут Жұмбақ	Табиғат туралы қысқаша әңгіме: – «Бүгін біз табиғатты бақылаймыз». Ойын №1: «Ауа райын тап» Шарты: Мұғалім қимыл немесе сурет көрсетеді, балалар атайды. Барысы: • бұлтты ауа → «бұлт» • жел соғу → «жел» • жаңбыр жауу → «жаңбыр» Дыбыстық жаттығу: – ж-ж-ж (жаңбыр) – ж-ж-ж (жел) – с-с-с (суық) Жұмбақ: «Жерге тамшылайды, өсімдікті суарады» (жаңбыр)	
III. Негізгі бөлім Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ойын №2: «Суреттерден әңгіме құрастыру» Шарты: Балалар табиғат суреттеріне қарап әңгіме құрайды. Барысы: • Мұғалім ауа райы суреттерін көрсетеді • Балалар сипаттайды	Суреттер, карточкалар

	• Сөйлем құрайды Үлгі сөйлемдер: • «Жаңбыр жауып тұр» • «Жел қатты соғып тұр» • «Бүгін ауа райы салқын» • «Тамаша күн» Қосымша тапсырма: – «Ауа райы қандай?» сұрағына жауап беру – 2–3 сөйлем құрау	
<i>IV. ҰІӨ -нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут</i>	Ойын №3: «Сөйлем құрастыр» Шарты: сөздерден сөйлем құрау. Барысы: • «жаңбыр – жауады» → «Жаңбыр жауады» • «жел – соғады» → «Жел соғады» • «күн – тамаша» → «Күн тамаша» – Бүгін не байқадық? – Қандай ауа райын білдік?	Суреттер, ойын құралдары

	Нәтиже: • Табиғат құбылыстарын таниды • Сөйлеу дағдысы дамиды • Байланыстырып сөйлеуге үйренеді	
--	---	--